

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРК УНИВЕРСИТЕТІ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КОРПОРАТИВТІ МӘДЕНИЕТ КОДЕКСІ

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Корпоративті қағидалары мен құндылықтары
3. Университет қауымдастығы мүшелерінің корпоративтік этикасы
4. Корпоративтік мәдениет кодексі ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Кодекс Ахмет Ясауи университеті оқытушылары мен қызметкерлерінің негізгі ұжымдық мәдениеті мен этикалық мінез-құлық ережелерін анықтайды.

1.2 Ахмет Ясауи университеті оқытушылары мен қызметкерлерінің Этика кодексі оқу мен жұмысқа қолайлы саналы және психологиялық ахуал орнатуға арналған.

1.3 Осы Кодекс нормаларын орындаудағы басты мақсат – Университет қауымдастығының корпоративті мәдениетінің нығаюы және оқытушылар мен қызметкерлердің абыройларының жоғарылауы болып табылады.

1.4 Университеттің әр оқытушысы мен қызметкері осы Кодекс нормаларын орындай отырып, университет имиджінің нығаюы мен мәртебесінің артуына өз үлесін қосады.

2. АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КОРПОРАТИВТІ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

2.1 Ахмет Ясауи университетінің қызметі келесі қағидаларға негізделеді:

2.1.1. Ахмет Ясауи университеті – сапалы білімнің, ғылымның, мәдениеттің, инновациялық жаңа технологиялардың жетістіктерін пайдаланатын жетекші орталық;

2.1.2 Ахмет Ясауи университеті – түркі дүниесі елдерінің жарқын болашағы мен достастығын қалыптастыруға атсалысатын инновациялық, қуағты білім мен ғылым ордасы;

2.1.3 Ахмет Ясауи университеті өз оқытушылары мен қызметкерлерін бағалап, құрметтейді;

2.1.4. Ахмет Ясауи университетінде коррупцияға, жемқорлық пен парақорлыққа орын жоқ;

2.1.5. Ахмет Ясауи университеті академиялық озық дәстүрлерді, түркі дүниесіне тән ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды сақтап, әрі дамыта отырып, инновациялық өркендеуге ұмытылады.

2.1.6. Ахмет Ясауи университетінің корпоративті мәдениетінің басты құндылығы – оқытушылары, түлектері мен студенттерінің шығармашылығы, ынтымақтастығы және серіктестігі.

2.2 Университеттің басты корпоративті құндылықтары:

- 2.2.1 Білім беру қызметінің жоғары сапасы.
- 2.2.2 Әлемдік білім беру кеңестігіне шоғырлану.
- 2.2.3 Өзгерістер мен инновацияларды қабылдау.
- 2.2.4 Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге басым бағыт беру.
- 2.2.5 Жоғары академиялық жауапкершілік.
- 2.2.6 Кемелдену және шығармашылық даму.
- 2.2.7 Өнегелілік, отансүйгіштік, азаматтық.
- 2.2.8 Қызметкерлер мен білім алушыларды құрметтеу, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.
- 2.2.9 Университеттің қызметіне адалдық және оның биік талаптарына лайықты болу.

3 УНИВЕРСИТЕТ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ КОРПОРАТИВТІК ЭТИКАСЫ

3.1 Ахмет Ясауи университетінің оқытушылары мен қызметкерлері:

- 3.1.1 Университет мәртебесін құрметтеу, Ахмет Ясауи атындағы университеттің оқытушысы және қызметкері атағына ар-намысымен, еңбегімен лайықты болуға;
- 3.1.2 Университеттік міндеттерін, кәсіби қызметін атқарғанда дербес мүддесімен корпоративті міндетін үйлестіруге;
- 3.1.3. Қызмет бабында мәдениетті, жауапты, әділ, кішіпейіл болуға.
- 3.1.4 Университетіміздің мақсаты мен міндеттерін орындауда өз жауапкершілігін сезінуге, университет табыстарына өз үлесін қосуға;
- 3.1.5. Кәсіби білікті маман ретінде білімін жетілдіруге, озық нәтижелерге жету мақсатында отандық және шетелдік тәжірибелерді білуге, қолдануға;
- 3.1.6. Әріптестермен және студенттермен өзара түсіністікте болып, сыйлы, сыпайы, ізгі қарым-қатынас орнатуға;
- 3.1.7 Университеттің ерекшелігін, озық дәстүрлері мен тарихын білуге, құрметтеуге, сондай-ақ ұстаздық еңбегімен студенттерге үлгі болуға;
- 3.1.8 Университеттің іскерлік абыройын құрметтеуге, университет мүддесіне қарама-қайшы келетін қандай да бір істен бас тартуға, оның атағы мен абыройына нұқсан келтіретін кез келген әрекетті болдырмауға міндетті.

3.2 Ахмет Ясауи университетінің оқытушылары мен қызметкерлері:

- 3.2.1 Әріптестерінің, студенттердің ар-намысына нұқсан келтірмеуі;
- 3.2.2 Студенттердің алдында әріптестерінің жеке өмірін олардың кемшіліктерін сынамауы;
- 3.2.3 Университет аумағында ішімдік ішпеуі, темекі тартпауы;

3.2.4 Студенттерден оқу мен ғылым үдерісінің нәтижелеріне көмектесу мақсатында сыйлық пен ақшалай сыйақылар алмауы;

3.2.5 Діни көзқарастарды, сондай-ақ ұлтаралық бірлік пен дінаралық келісімге қарама-қайшы пікірлерді таратпауы;

3.2.6 Жұмысқа және сабаққа кешікпеуі, қызмет уақытын қысқартпауы;

3.2.7 Қызмет барысында дәрекілік, ыждағатсыздық танытпауы;

3.2.8 Қызмет бабын пайдаланып, студенттерге қысым жасамауы, олардың білімін бағалауда субъективті көзқарас танытпауы;

3.2.9 Университет басшылығының шешімі мен оның қызметі жайлы жалған ақпаратты таратпауы;

3.2.10 Жұмыс уақытында қызметке қатысы жоқ істермен айналыспауы;

3.2.11 Балағат сөздерді қолданбауы, ұстамсыздық танытпауы, айналасындағылармен өштеспеуі тиіс.

3.3 Басшылар мен бағынушылар арасындағы қарым-қатынас

3.3.1 Басшы:

- кәсіби және адамгершілік мінез-құлқымен қарамағындағыларға үлгі болуы;

- іскерлік қарым-қатынас этикасы ережелеріне негізделген нормалар мен қағидаларды басшылыққа алуы;

- қарамағындағылардың ар-намысына, ожданына нұқсан келтірмеуі;

- қарамағындағылардың алдында өз қатесін мойындауы, оларды орынды айтылған сын-ескертпелер үшін қудаламауы;

- ұжымда өзара жылы көзқарас пен іскерлік орта қалыптастыруы тиіс.

3.3.2 Бағынушылар:

- еңбек тәртібін қатаң сақтауы;

- әріптестерінің жеке өміріне, кәсібіне қатысты қауесет таратпауы;

- жұмысқа шығу мүмкін болмаған жағдайларда оның себебін және жұмысқа оралу уақытын кешіктірмей басшыға хабарлауы;

- әріптестерінің алдында басшыға дәрекі мінез көрсетпеуі;

3.3.3 Әріптестермен:

- бірін-бірі сыйлауы;

- ағаттық танытқаны үшін міндетті түрде кешірім сұрауы;

- басқа қызметкерлердің алдында әріптестерінің, бағынушылардың, басшыларының сынына сабырлы болуы;

- қауесетке сенімсіздікпен қарап, оның таралуына жол бермеуі;

- әріптестеріне, басшыларына және бағынушыларына сыпайы қарым-қатынаста болуы;

- Білімі мен тәжірибесін бөлісуі керек.

3.3.4. Оқу үдерісі, зертеу және сараптамалық қызмет аясындағы қарым-қатынас:

- Ахмет Ясауи университеті оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері университеттегі жұмысын негізгі кәсіби міндеті ретінде санап, студенттерге үлгі болуы;
- дәріс беретін пән саласын жан-жақты білуі, құзыретті болуы, осы бағыттағы әлем жаңалықтарынан үнемі хабардар болып отыруы;
- біліктілігі жоғары педагог болуы;
- білім алушылардың білімін, біліктілігі мен тәжірибелік дағдысын әділ және объективті бағалауы;
- білім бақылаудың барлық деңгейлері мен түрлерінде студенттерге көшіру, біреуден сұрау, шпаргалка немесе ұялы телефонды пайдалану, өз орынына бөтен тұлғаны енгізу, бөтен тұлғаның орынына ену, пара беруге тырысу сияқты теріс әрекеттеріне жол бермеуі;
- білімін, тәжірибесін және әлеуетін Университеттің ғылыми табыстарының кемелденуіне арнауы;
- жарияланбаған және күманды дереккөздерін пайдаланбауы, деректер мен мәліметтерді көшірмеуі, плагиатқа бармауы;
- сараптау, пікір беру және ғылыми жетекшілік барысында жарияланбаған ақпараттың құпиялығын сақтауы қажет.

3.3.5. Жиналыстар мен мәжілістерге қатысты:

- жиналысқа уақытында келуі;
- күн тәртібімен алдын ала танысу, қажет материалдарды, сұрақтарды, кепілдемелерді ала келуі;
- жиналыс немесе мәжіліс басталар алдында ұялы телефонды сөндіруі;
- сыртқа шығу қажет болғанда немесе қайта кіргенде әдеппен кешірім сұрауы;
- жиналысты жеке мүддесі үшін пайдаланбауы;
- баяндама уақытын ескеруі қажет.

4 КОРПОРАТИВТІ МӘДЕНИЕТ КОДЕКСІ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1 Университет оқытушылары мен қызметкерлері Корпоративті мәдениет кодексін білуге міндетті, қызметі мен мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, іс-әрекеті үшін университет қауымдастығы алдында жауапты.

4.2 Корпоративті мәдениет университетте қызмет атқаратын оқытушылар мен қызметкерлердің барлығы үшін бірдей міндетті, әрі тең дәрежедегі ортақ іс болып табылады.

4.3 Ахмет Ясауи университетінің барлық оқытушылары мен қызметкерлері осы Кодекстің орындалуы үшін моральдық тұрғыда жауапты.

4.4 Кодекс ережелерінің бұзылуы университет оқытушылары мен қызметкерлерінің мәртебесіне лайықсыз әрекет ретінде қарастырылады.

4.5 Корпоративті мәдениет Кодексі ережелерінің орындалуын бақылау университет факультеттеріндегі Этика жөніндегі комиссия жетекшісіне жүктеледі.

4.6 Ахмет Ясауи университетінің Корпоративті мәдениет Кодексі нормаларын бұзғаны үшін оқытушылар мен қызметкерлерге келесі шаралар қолданылуы мүмкін:

- ұжым алдында кешірім сұрауға міндеттеу;
- факультеттің Ғылыми кеңесінде, немесе университетің Сенатында талқылау;
- Университет басшылығы алдында тәртіптік шара қолдануы жайлы ұсыныс берілуі.

Осы Кодекске өзгерістер мен толықтыруларды енізу туралы ұсыныстар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенатында қарастырылады.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ – ТҮРКІ УНИВЕРСИТЕТІ БІЛІМ АЛУШЫСЫНЫҢ АР – НАМЫС КОДЕКСІ

Ахмет Ясауи университеті білім алушыларының (тыңдаушы, студент, магистрант, PhD докторант) қауымдастығы:

- Университеттің жоғарғы санатты және адамгершілігі аса жоғары мамандарды дайындау миссиясын жүзеге асырудағы өз жауапкершілігін сезіне отырып;
- Университеттік қауымдастықтың Корпоративті (бірлескен) мәдениетін қолдау мен дамытуды, университеттің Қазақстан мен бүкіл Түркі дүниесі үшін кәсіби мамандарды дайындаудың жетекші орталығы ретіндегі өзінің жоғары имиджін сақтауды басты мақсат етіп қоя отырып;
- Университетте білім алушылар (ары қарай студент), оқытушы-қызметкерлер және жоғары оқу орнының әкімдігі арасында шынайы демократиялық қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыруға ұмтыла отырып Университет білім алушысының осы Ар–намыс кодексін қабылдайды және оны қалтқысыз орындауға міндеттенеді.

1 – бап

Ахмет Ясауи университеті студенті Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Университет Жарғысына, Регламенттеріне, басқа да нормативті актілеріне бағынады.

2 – бап

Ахмет Ясауи университеті студенті Қазақстан мен Түркия Республикаларының және басқа Түркі тілдес елдердің ұлттық мәдениеттерін, салт-дәстүрлерін сыйлайды, қастерлейді, Түркі тілдес мемлекеттердің қалыптасу тарихын біледі, университет дәстүрлерін кіршіксіз сақтайды және оларды құрметтейді.

3 – бап

Ахмет Ясауи университеті студенті басқа студенттермен, оқытушылармен, қызметкерлермен, әкімшілік өкілдерімен қарым-қатынас барысында ізеттілік, кішіпейілділік және ұқыптылық танытады.

4 – бап

Ахмет Ясауи университеті студенті кез келген азаматқа оның шығу тегі мен ұлтына, әлеуметтік дәрежесіне, діни немесе дүниетанымдық ұстанымдарына қарамастан, құрметпен қарайды.

5 – бап

Ахмет Ясауи университеті студенті білім алып, білікті маман болып қалыптасу барысында өзінің оқу міндеттерін қатаң орындайды, оқу үдерісін құрайтын академиялық нормаларды бұзушылыққа жол бермейді.

6 – бап

Ахмет Ясауи университеті студенті күнделікті білім алу, ағымдық, аралық, қорытынды бақылауларға қатысуы, ғылыми жұмыстармен шұғылдану барысында төмендегі моральға жат іс-әрекеттерге жол бермейді:

- плагиат (біреудің еңбектерінің нәтижелерін өз атынан ұсыну);
- оқытушыны, әкімшілік өкілдерін алдау және сыйламау;
- білімді бақылаудың барлық деңгейлері мен түрлерін өту барысында біреуден көшіру, біреуден сұрау, біреуге көшірту, біреуге жауап дайындау, шпаргалка немесе ұялы телефонды пайдалану;
- білімді бақылау процедурасына өз орынына бөтен тұлғаны енгізу, бөтен тұлғаның орынына ену;
- жоғары баға алу үшін өзінің қоғамдық жұмыстарын, спорттағы немесе өнердегі жетістіктерін, отбасылық, экономикалық-қаржылық т.б. жеке проблемаларын алға тарту, туысқандық немесе қызметтік байланыстарын пайдалану;
- пара беру;
- сабақтардан қалу және кешігу, оқу сабақтарына және олардың бір бөлігіне себепсіз қатыспау;

7 – бап

Ахмет Ясауи университеті студенті университет мүлкінің сақталуына қамқорлық жасайды және университет аумағында жүгенсіздік көріністерінің орын алуына жол бермейді;

8 – бап

Ахмет Ясауи университеті студенті университеттің кітапханалық-ақпараттық ресурстарына қамқорлықпен қарайды және бұл ресурстарға қатысты салғырт қараушылық пен нұқсан келтірушілікке жол бермейді.

9 – бап

Ахмет Ясауи университеті студенті ұқыптылықты сақтайды. Оның сыртқы түр келбеті, жүріс-тұрысы этикалық және эстетикалық нормаларға сәйкес келеді.

10 – бап

Ахмет Ясауи университеті студенті салауатты өмір салтын ұстанады, өзінің мәдени, адамгершілік және тұлғалық даму деңгейін жетілдіруге ұмтылады, университеттің қоғамдық – мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсене араласады.

11 – бап

Ахмет Ясауи университеті студенті университетте және оның аумағынан тыс жерлерде де құқық бұзушылық әрекеттерге жол бермеуге ықпал етеді.

12 – бап

Ахмет Ясауи университеті студенті тәртіп бұзуға бағытталған ақпараттың таратылуына жол бермеуі, сондай-ақ заңмен рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, ереуілдерге, акцияларға және шерулерге қатыспауы тиіс.

13 – бап

Ахмет Ясауи университеті студенті университет мүддесіне қайшы келетін және өз оқу орынының имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін кез келген іс-әрекеттерге қатысудан бас тартады.

14 – бап

Ахмет Ясауи университеті студенті аталған Кодекс ережелерінің бұзылуын анықтаған сәтте оны өз күшімен түзетуге тырысады, ал мұндай әрекет мүмкін болмаған жағдайда бұл келеңсіздіктер туралы студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарына немесе университет әкімшілігіне хабарлауға құқылы.

15-бап

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті білім алушыларына тыйым салынады:

- Университет әкімшілігінің рұқсатынсыз зертханалардан, оқу дәрісханаларынан және университеттің басқа бөлмелерінен құрал-жабдықтарды және түрлі қондырғыларды шығаруға;
- Сабақта үй, спорт, демалыс, сырт киімдермен және бас киімдермен жүруге;
- Оқу орнында сабақ кезінде дәрісханада қатты сөйлеуге, шулауға, дәлізбен жүгіруге, ұялы телефон қолдануға, сағыз шайнауға;
- Оқытушыларға, қызметкерлерге, бір-біріне дөрекі сөйлеуге;
- Дөрекі лексиканы қолдануға және қоғамға жат қылық көрсетуге;
- Сабақты себепсіз бұзуға, дәрісханадан сабақ уақытында өз еркімен шығуға және кіруге;
- Қабырғаға, дәрісханадағы үстелдерге және т.б. орындарға қандай да бір жазулар мен суреттер салуға, университет мүлкін басқа бір әдістермен

бұзуға, Университет әкімшілігінің рұқсатынсыз хабарландыруларды ілуге және жапсыруға.

- Дәрісханаға оқытушыдан кейін кіруге;
- Арнайы бекітілген орындардан басқа жерлерде темекі шегуге, университет аумағына алкогольді, спирттік, есірткі, психотроптық және токсикомандық заттарды әкелуге және оларды пайдалануға, қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған алкогольді, нашақорлықты және токсиндік масаю күйінде жүруге тыйым салынады;

Осы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенатында қарастырылады.

Ahmet Yasaui University